

"Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 мамырдағы № 562 Жарлығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Жарлықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі туралы ережеде:

15-тармақта:

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) құқықтық актілерге оларда бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға әкелетін немесе әкелуі мүмкін ережелердің болуы тұрғысынан талдау жүргізу;"

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) конгломераттардың қызметін талдау және мониторингтеу;"

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) конгломераттардың қызметіне талдау және мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 82-2) тармақшамен толықтырылсын:

"82-2) мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша бастама жасалған экономиканы қолдау, халықтың іскерлік белсенділігі мен жұмыспен қамтылуын ынталандыру үшін дағдарысқа қарсы іс-шаралар кешенін іске асыру жөніндегі қызметін қоспағанда, мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін тұлғалардың қызметіне Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 194-бабында көзделген талаптардың сақталуы тұрғысынан мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 83-1) тармақшамен толықтырылсын:

"83-1) конгломераттардың мемлекеттік тізілімін жүргізу;"

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Агенттіктің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің "Бәсекелестіктің дамуын талдамалық зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі."

2. Осы Жарлық 2024 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін осы Жарлықтың 1-тармағының алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, он екінші және он үшінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК